

Н. Н. Сүлейменова, ФЗИ криминологиялық мәселелерді зерттеу бойынша орталығының ғылыми қызметкері, заң ғылымдарының магистрі, полиция капитаны (ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМГЕ ЖӘНЕ ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАРСЫ КҮРЕСУ АХУАЛЫ

Батыс Қазақстан облысының әкімшілік орталығы Орал қаласы. Шығысында Ақтөбе, оңтүстігінде Атырау облыстарымен, батысында Ресейдің Астрахан, Волгоград, солтүстік батысында Саратов, Самара, Орынбор облыстарымен шектесуде. Облыста 12 әкімшілік аудан, 156 ауылдық округ, 3 кенттік округ, 2 қала, 475 ауылдық елді мекен бар.

Аталған облыстың тұрғындарының саны 629 932 адамды, оның ішінде: облыстың әкімшілік орталығында 230 785 адам (36,6 %), ал қалада тұратын халықтың саны 312,3 мың адамды (49,6 %), ал ауылдық елді-мекенде — 317,6 мың адамды, яғни (50,4 %) құрады.

Халықтың құрамы кәп ұлтты, басым бөлігін қазақтар 74,69 %, орыстар 20,63 %, украиндар 1,60 %, татарлар 1,35 % және тағы басқа ұлт әкілдері 1,73 % құрады.

Батыс Қазақстан облысының аумағы 151,3 мың шаршы километрді (5,6 пайыз, яғни 8-орынды) құрайды.

Облыс аумағында 401 мектеп (92 618 оқушы), оның ішінде мемлекеттік — 397 (92 545 оқушы), мемлекеттік емес — 4 (73 оқушы) бар. 389 күндізгі (91 420 оқушы), 5 кешкі (548 оқушы) және 3 арнайы мектеп (577 оқушы). 155 бала бақша, 52 «мектеп-бақша» кешені және 261 шағын-орталықтары бар. Облыста 4 жоғары оқу орны бар. Олардың барлығы Орал қаласында орналасқан, атап әтсек, Махамбет Әтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-технологиялық университеті, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-технологиялық университеті, Батыс Қазақстан инженерлік-технологиялық университеті, Еуразия академиясы.

Қазіргі таңда машина жасау және металл әңдеу әндірісінің негізгі бөлігін «Орал-Зенит зауыты», Орал «Металлист зауыты» «Орал арматура зауыты» үлесін тигізуде. Аталған кәсіпорындарда заманауи кәсіп әндірістік корпустар мен құрал-жабдықтар бар. Кәштеген жұмысшылар мен инженер-техниктер жұмыстармен қамтылған. Олардың шығарған әнімдері ТМД елдеріне, шетел тұғынушыларына да кеңінен танымалз.

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың саясаты негізінде Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының негізгі аспектілерін түсіндіру, сол арқылы қоғамдағы келіспеушілік пен жікшілдіктің алдын алу, оны болдырмау бағытында Батыс Қазақстан облысында да бірқатар жұмыстар жүргізілуде.

Қазіргі таңда облыс аумағында Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңына сәйкес 9 конфессияны құрайтын 75 діни бірлестік қызмет етеді. Атап айтсақ, ислам бағытындағы — 44 мешіт, православиелік бағыттағы — 18 діни бірлестік (1 — республикалық дәрежедегі діни бірлестік, 15 — жергілікті православие шіркеуі, 1 — ежелгі православие шіркеуі, 1 — кәне әдет ғұрып шіркеуі), протестанттық — 11 (евангелдік христиан баптистері, 3 — пятидесятниктер, 1 — жетінші күн христиан адвентистері, 1 — пресвитериандар, 1 — Иегова куәгерлері), буддизм — 1 (Тибеттік-буддистік орталығы), католицизм — 1 (Атырау Рим-Католик Апостолдық әкімшілігінің филиалы) діни бірлестіктер бар.

Облыс бойынша тіркелген 66 діни ғимарат пен 4 намазхана бар. Соның ішінде: 44 мешіт, 15 шіркеу, 6 протестанттық үй және 1 католиктер приходы.

Ресми мемлекеттік тіркеуден әткен діни бірлестіктер жағынан қалыпты діни ахуал қалыптасқан. Олар тарапынан қоғамдық-саяси ахуалға қарсылық байқалмады. Қазіргі мемлекеттің саяси-экономикалық реформаларына қарсы кәзқарастар тіркелмеген.

Батыс Қазақстан облысы аумағында алыс және жақын шетелден келіп, облыстық дін істері басқармасынан есептік тіркеуден әткен 7 миссионер бар. Оның ішінде 4 — Словакия және Польша мемлекетінен, Украинадан — 1, Индия Республикасынан — 1, Египеттен — 1.

Облыстың Дін істері басқармасының деректері бойынша қазіргі таңда облыстың 6 тұрғы-ны Сауд Арабиясы Корольдігі мен Мысыр Араб Республикасының теологиялық оқу орында-рында әз бетінше оқуға кеткен.

Қазіргі таңда облыс бойынша діни қызметті 63 имам жүзеге асыруда. Орал қаласында Коммуналдық мемлекеттік Дін істері басқармасына қарасты «Орал медресесі» деп аталатын ислам орта-арнаулы білім беру діни оқу орны қызмет етуде.

Облыс тұрғындарының діни сауаттылығын арттыру, діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу мақсатында 26 ақпараттық-насихаттық тобы құрылып, оның ішінде облыстық — 1, аудандық — 12, қалалық — 13 жұмыс жасаған. Олардың құрамына білікті теологтар, ғалым-дінтанушылар, дінбасы әкілдері, ауыл ақсақалдары, ардагерлер алқасының тәраға-лары, жастар қоғамдық ұйымдарының кәшбасшылары, қоғамдық ұйымдар мен мемлекеттік орган қызметкерлері енгізілген.

Діни тұрақтылықты және рухани келісімді күшейту мақсатында 2015 жылы облыс бойын-ша 115 923 адамды қамтыған 1 374 іс-шаралар өткізілген.

Сонымен қатар, дін саласына қатысты іс-шаралардың тиімділігін бағалау мақсатында ар-наулы және жалпы білім беретін оқу орындарында, мемлекеттік мекемелерде және сауда орталықтарында өткен кездесулер мен шаралардан кейін қатысқан адамдарға сауалнама жүр-гізіп, қорытындылары сараланып отырылады.

Тұрғындардың діни сауатын арттыру және радикалды идеяларға қарсы түсіндіру жүргізу мақсатында ақпараттық-ағартушылық www.oral-islam ғаламтор ресурсы құрылды. Осы рес-ми сайтта кәштеген пайдалы материалдар орналастырылған және оның тұтынушыларының саны қазіргі кезде 610 945 адамға жеткен. Сонымен қатар облыстық дін істері басқармасы-ның www.din-zko.gov.kz сайты жұмыс жасайды. Қала, аудан орталықтарындағы мешіттерге бейнебақылау, мониторлар қойылып, арнайы бағдарламалар арқылы бір-бірімен байланыс орнатылған. Теологтар «Скайп» бағдарламасы арқылы аудандардағы жамағаттарға онлайн дәрістер жүргізеді.

Облыстағы проблемаларды анықтау, анықталған проблемаларды шешу үшін діни ахуалға тұрақты түрде ай сайын және тоқсанына бір рет мониторинг жүргізіп отырады.

Қазіргі таңда облыста 8 теолог маман қызметтерін атқаруда. 2014 жылдың наурыз айында облыстық дін істері басқармасы жанынан «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ашылды. Мекеменің басты мақсаты — елдегі дін саласына қатысты мемлекеттік саясатты халық арасында насихаттау, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халықты деструктивтік діни ағымдардың ықпалынан сақтандыру, олардан зардап шеккендер-ге көмек көрсету, дін саласына қатысты әлеуметтік зерттеулер, ғылыми-талдау жұмыстарын ұйымдастыру болып табылады. Орталықтың қызметкерлері ислам дінінің тек қана мейірімді-лікке шақыратыны, тақфир идеологиясының дұрыс еместігі, намаз оқымайтын мұсылманды көпір деуге болмайтыны туралы хадистерден нақты дәлелдер келтіріп, дәрістер оқиды. Нәти-жесінде санасы мықтап уланған 36 азамат дәстүрлі ханафи мазһабына қайтарылған. Облыста теріс ағым мүшелеріне ықпал ету мақсатында бірнеше жамағаттың басын біріктіретін «Ама-нат клубын» құрған.

Орал қаласында діни экстремизм мен терроризмді насихаттағаны үшін сотталғандардың арасында ақпараттық-насихаттық топтар түсіндірме жұмыстарын жүргізген.

Облыстың аумағында 3 түзеу мекемелері бар. Олар: РУ-170/1 (тергеу изоляторы СИ-4), РУ-170/2 (жалпы режим ИК-16), РУ-70/3 (қоныстану колониясы КП-126).

Ақпараттық-насихаттық топтардың құрамында теологтар, психологтар және полиция қыз-меткерлері кездесулер барысында нақты мысалдар келтіріп, дәстүрлі дінімізге қайта оралу-лары маңызды екенін айтып, түсіндірген. Бұндай әңгімелесулер мен кездесулер бас бостан-дықтарынан айырылғандарға дұрыс жолды таңдауға септігін тигізеді.

Батыс Қазақстан облысының қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің мекемелеріндегі РУ-170/2 (жалпы режимінде) 2 намаз оқитын бөлме бар, оның ішінде біріншісі мұсылман-дардың және екіншісі православтық діни рәсімдерді өткізуге арналған. 2015 жылы 53 тұлғаға қатысты 10 сотқа дейінгі тергеу жүргізілді, оның ішінде Қазақстан Республикасы Қылмыс-тық кодексінің 257-бабының 2-тармағы бойынша террористік топтардың қызметіне қатысқа-ны үшін 38 тұлғаға қатысты 2 қылмыстық іс қозғалған, 172-бап бойынша шетелдік қарулы қақтығыстарға қатысқаны үшін 7 тұлғаға қатысты 5 қылмыстық іс, ал 257-бап бойынша тер-

роризмді насихаттау немесе терроризм актісін жасауға жария түрде шақырғаны үшін 8 тұлғаға қатысты 3 қылмыстық іс қозғалған⁵. Қазіргі таңда Орал қаласында радикалдық қызметі үшін 24 адам бас бостандығынан айырылған⁶.

Деструктивті діни ағымдардың криминологиялық жағдайы Батыс Қазақстан облысының географиялық орналасуына байланысты. Аталған облыс республиканың батыс қақпасы болып саналады. Әйткені Ресей Федерациясының Астрахань, Волгоград, Саратов, Самара, Орынбор және Қазақстанның Ақтөбе, Атырау облыстарымен шектесуде. Жер асты байлығын игеретін шетелдік инвесторлар кәп шоғырланған. Республика кәлемінде тіркелген жоғары жалақы үшін келетін еңбек мигранттарының ағынымен түрлі діни ағымдардың әкілдері де келуде. Мұнай-газ аясында оның ішінде вахтамен жұмыс істейтіндер кәп. Ел ішінде дәстүрлі емес дінге бағытталған топтар санының әсуіне осы жағдай ықпал етуде. Сонымен қатар Ресейдің Астрахань облыстарымен шекараласып, оның арғы жағы Кавказ елдерімен байланысып жатса, бергі жағы Каспий теңізі арқылы бірнеше исламдық дінді ұстанған мемлекеттермен шектесіп жатуында.

Облыс аумағында 2015 жылдың 1 мамырындағы кәші-қонының жағдайы 3 845 оралман-дар отбасылары (тиісінше 17 539 адам), оның ішінде Өзбекстаннан — 2 469 отбасыдан 13 761 адам, Ресей Федерациясынан 1 306 отбасыдан 3 524 адам, Түркменстаннан — 21 отбасыдан 75 адам, Қырғызстаннан — 19 отбасыдан 68 адам, Тәжікстаннан — 12 отбасыдан 41 адам, Украинадан — 7 отбасыдан 24 адам, Қытай халық Республикасынан — 5 отбасыдан 35 адам, Азербайджаннан — 3 отбасыдан 7 адам, Монғолиядан — 3 отбасыдан 4 адам келген⁷. Сонымен қатар аумақтың Кавказбен де жақындығы біршама әсерін тигізеді. Шешен соғысы кезінде салафизмнің және ваххабизмнің эмиссарларының ықпалдары күшейіп, кәбісінің туысқандары біздің елімізде тұрғандықтан, елімізге қоныс аударған. ТМД елдерінің ваххабизм идеологтарының бірі Саид Бурятский кәп уақыт бойы Батыс Қазақстан облысында ем қабылдаған уақытында Ақтөбе, Атырау қалаларына барып, әрбір үйге тоқтап, ақырында оның уағызы бар бейнедискілерді қалдырған. Эмиссарлар ауылдарға барып, радикалдық ислам ағымдарын насихаттаған. Бұндай теріс ықпалдарға әлеуметтік жағдайдың төмендігінен, жұмыстың жоқтығынан, тұрғын үймен қамтамасыз етілмегендіктен адамдар тез еніп кетеді. Бұның бәрі адамдардың санасына ықпалын тигізеді⁸.

Жоғарыда атап өткендей облыс аумағында 44 мешіт бар, оның 80 %-ын жастар құрайды екен. Сондықтан бірінші кезекте жастармен жұмыс жүргізу қажет. Алайда әлеуметтік-экономикалық мәселелер, әсіресе ауылдық жерлердегі жұмыссыздық діни негіздегі саяси және әлеуметтік наразылықтарды тудыруы мүмкін. Сондықтан жастарды жұмыспен қамтып, жағдай жасау керек. Оқу орындарына түсу үшін гранттарды кәп бәліп, оқуға түсулерін жеңілде-ту керек. Спортпен шұғылдануға спорттық ұйымдарды кәбейткен дұрыс.

Аталған облыстың ағымдағы жылдың қаңтар айында жұмыспен қамту органдарында есеп-те тұрған жұмыссыздар саны 1 695 адамды құрады, бұл 2015 жылмен салыстырғанда 6,1 %-ға азайған, оның ішінде ауылдық жерлерде сәйкесінше 993 адам немесе 3,8 %-ға азайды. Тіркелген жұмыссыздар санының 60,4 %-ын (1 024 адам, одан ауыл тұрғындары — 568 адам) әйелдер құрады. 2015 жылмен салыстырғанда тіркелген жұмыссыз әйелдер саны 4,1 %-ға азайған⁹.

Ең бірінші ақпараттық құралдарда дәстүрлі дін жайында кәп мәліметтер айтылуы керек. Батыс Қазақстан облысы әңірінде 53 газет, 16 журнал, оның ішінде 11 электронды БАҚ жұмыс жасайды. 2015 жылы Бұқаралық ақпарат құралдарында барлығы 1 940, оның ішінде мақаланың саны — 1 155, телерадио — 183, интернет — 602 материал жарық көрді. Діни экстремизм мен терроризмге қарсы әрекет ету үшін алдымен, тіркеуде тұрған немесе радикалдық идеяларға бейімді азаматтарды Қазақстан Республикасының шегінен тыс шықпауын қадағалап, олармен жиі түсіндірме жұмыстарын жүргізу керек. Баспасөз бен ақпарат құралдарын пайдалана отырып, күресуге үндеу, жастардың тәлім-тәрбиесіне кәбірек кәңіл бәлу, халықтың саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени жағдайларын жақсарту керек.

Аумаққа келген кәші-қонның арасында басқа діни ағымдарды ұстанушылар да болады. Осы бағытта шетелден келген кәші-қонды қадағалауды күшейту қажеттілігі туындап отыр.

Құқық қорғау органдары, Ұлттық қауіпсіздік комитеті және Дін істері басқармаларының арасында ақпараттармен алмасу үшін өзара қарым-қатынасты күшейту керек.

Дін саласына қатысты іс-шаралардың тиімділігін бағалау мақсатында арнаулы және жалпы білім беретін оқу орындарында, мемлекеттік мекемелерде және т. б. жерлерде өткен кездесулер мен шаралардан кейін қатысқан адамдарға сауалнама жүргізіп, қорытындылары сараланып отырылуы тиіс.

Западно-Казахстанская область // <https://ru.wikipedia.org/wiki>

2 Итоги социально-экономического развития Западно-Казахстанской области за январь 2016 года // <http://bko.gov.kz>

3 Батыс Қазақстан облысы // <https://kk.wikipedia.org/wiki>

4 Батыс Қазақстан облысының Дін істері басқармасының 2016 жылғы 25 ақпандағы № 4-3/129 кіріс хаты.

5 На брифинге рассказали о религиозной ситуации в ЗКО // <http://e-islam.kz>

6 В Западно-Казахстанской области 24 человека осуждено за радикальную деятельность // <http://www.zakon.kz>

7 Официальный интернет-ресурс акимата Западно-Казахстанской области. Миграция населения // <http://bko.gov.kz>

8 Силловые методы противодействия экстремизму результатов не дадут, считает прокурор ЗКО // <http://oral-maslihat.kz>

9 Батыс Қазақстан облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы // <http://stat.gov.kz/faces/zko>